

ҰРПАҚ УАҚЫТЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК

Тұмашибай Талғат Еркінұлы

tumashbai@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті

(Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Tumashbay Talgat

tumashbai@mail.ru

L.N.Gumilyev Eurasian National University

(Nur-Sultan, Kazakhstan)

Аңдатпа. Бұл мақалада ұрпақ уақытының Қазақстан Республикасының тәуелсіздік жылдарындағы құндылықтық өзгерістердің позитивті аспектісінің орнына сындық бағалау бағыты қарастырылды. Атап айтқанда тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қазақ қоғамында құндылықтық вакуумның түзілуі салдарынан адамдардың мінез-құлығында рухани, материалдық салалардағы бағдарсыздықтың орын алғаны қарастырылды. Бұл бағдарсыздық адамдардың діни сенімінде адасуымен бірге экономикалық шарттардың күрделілігінен өзін болмысынан адасқан, кейде жоғалған ұрпақтың пайда болуы, жұмысшы күшінің саяси фактор ретінде әлсіреп, заттық болмыстың өз мәнділігін жоғалтуы зерттелді. Сонымен бірге атеистік қоғамның адамның дүниетанымына әсері, бір ұлттың бойындағы көпінділік факторы, қазақ халқының бір күндік мүддемен өмір сүру арқылы мемлекет құраушы ұлт ретінде мәдени кеңістікті иелене алмай отырғаны жазылды. Ұрпақ уақытының азаматтардың саяси еркіндігімен байланыстылығы және бұл еркіндіктің мемлекеттің қауіпсіздігінің кепілдігі екендігі көрсетілді. Мақалада философтар Г.Гегель, К.Маркс, М.Фуко, Ж.Абдильдин, Ғ.Есім, Б.Колумбаев, Хур Синан Өзбек, Ш.Айтматовтың көзқарастары берілді.

Түйін сөздер: ұрпақ уақыты, бір ұлттың бойындағы көпінділік, рухани құндылықтардағы бағдарсыздық, жатсыну, өзі үшін болмыс, футурология, күмән.

Кіріспе

Кез келген халық үшін биік мұрат, ол тәуелсіз елде өмір сүру. Яки, оны қорғауға дайын елінің болуы. Біздің ел бір жағынан қарасаң түп түзу, өзіндік айтар сөзі бар елдердің бірі. Еліміз әлемдік өркениетке тиімді интеграциялануы арқылы экономикалық-әлеуметтік қатынастарда дамыды және ол өркениеттің тәжірбиелерін алды. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жылдардан бері дүние он құбылды және постиндустриалды тәртіпке аяқ басты. Бұл жылдары жаңа ұрпақта қалыптасты, тіпті цифрлық ұрпақты әлеуметтік ортамызға кейде өзіміз байқамай, кейде мақсатты түрде орнықтырып алдық. Қазақстанда саяси қақтығыстар орын алмады, бірақ осы жылдар ішінде бір-біріне өзінің бейнесімен,

әлеуметтік өмірімен стратификацияланған, қабаттасқан, түрлі реңі, мәні бар адамдар тобы қалыптасты. Цифрлы ұрпақ ұмытшақ, алаңғасар ұрпақ болсын, ол біздер үміт күтіп отырған, кеңестік әлде дағдарыстық кезеңдердегі идеялармен сусындамаған ұрпақ. Бұл ұрпақ ақпаратқа мелшілдеп тойған, сонысыменде жаңалыққа әрі әуес, әрі селқос ұрпақ. Екінші жағынан, олар «әлем бір үй» түсінігіндегі космополиттік буын. Шет тілдерін жақсы меңгерген, сонысыменде қолын бір сілтеп, «бұл біз көрген Балқантау» деп желіп кеткісі бар. Меркантилдік құндылықтарға бейімдеу болып, қалыптасқан топ мағынасында көрініс беруде. Адам қоғамдық шарттың негізінде мәнді құрайды, бұл философиялық ілімдерде дәлелденген факт. Бұл туралы философ Д. Раевтың «Адамсыз қоғам, қоғамнан тыс адам бола алмайтыны абсолютті шындықты мойындауымыз қажет. Екіншіден, адам жаратылысынан оң және теріс мінезге бейім болуы онтогендік құбылыс», – деген ойы бар [1, 14 б.].

Сондықтан, оның қоғамдық өмірінде, болмысында түрлі бейнелер идеялық, құндылықтық шарттар бар болуы себепті, оның болмысында жан-жал, оның тарихи санасындағы үйлесімді дамуымен бірдей кездеседі. Цифрлы заманда цифрлы әлде оған дейінгі акселарат ұрпақ мәдени шокқа ұшырауда. Бірі батыс мәдениетіндегі экономикалық, тұрмыстық сапаны пайымдау арқылы бұл күйге түссе, екіншісі өз өзін тануына қайта оралуында шокқа ұшырауда немесе жергілікті үстем мәдениетке бейімделіп, бейнесін перденің ар жағына жасыруда. Бұл жерде өзіміздің ұлттық философиялық дүниетанымымыз бен батыстық философиялық ілімдердің арасындағы да қайшылық кездеседі. Батыс философиялық дәстүріндегі ілімдер адам болмысындағы, санасындағы құндылықтарды түпкілікті өзгерту арқылы дамуға қол жеткізуге ұмтылады. Ал, біздің ұлттық құндылықтарымыздың адамның уақытқа қарай, жас ерекшелігіне қарай өзі арқылы, өзінің ортасы арқылы өзгередінін білдіреді. Мысалы, қазақ халқының дүниетанымында «Он үште отау иесі» дегеніміз, жас жігіт пен қыз он үш жасында үйленеді дегенді білдірмесе керек. Яки, осындай бір жастық ерекшеліктерде адамның жауапкершілігінің оянаатынын танытады.

Зерттеу әдіснамасы

Мақалада философиядағы ұрпақ ұғымының уақыттағы өзгерісінің адам болмысын қалыптастырушы құндылықтар арқылы қоғамдық ортадағы іс-әрекеттілігі философиялық теориялар негізінде қарастырылды. Ғылыми зерттеудің әдістемелік ұстанымдарының компаративистік әдісі қолданылды. Мақаланың зерттеу мақсаты, еліміздің тәуелсіздіктің алғашқы жылдары тарихындағы ұрпақтардың мінез құлығындағы өзгерістерді анықтау. Бұл тақырып философия ғылымында әртүрлі бағытта кеңінен зерттеліп жүр. Философия тарихында ұрпақ ұғымын, оның қоғамдық өмірдегі, тарихтағы орынын зерттейтін ілімдер көп. Атап айтқанда, И. Канттың антропологиялық концепциясы, А. Шопенгауэрдің ерік философиясы, В. Дильтейдің өмір философиясы тұжырымы, Ф. Ницшенің «әтек ұрпақтар» концепциясы, К. Макрстің ұрпақаралық құндылықтар теориясы құрайды. Қазіргі батыс әлеуметтік ғылымдарында ұрпақтардың мінез-

құлығын М.Корстен, Ловел, Р.Марада, П.Штомпка, Ж.Эдмундс секілді ғалымдар зерттеген. Мысалы, М.Корстен бойынша «Адамдарда бір бірімен ұқсастық сезімге, әлеуметтік бірегейлікке қажеттілігі бар, ол қажеттілік ұрпақтар арқылы қамтамасыз етіледі» [2, 342 б.]. Қазақ философтары ішінен де бұл саланы Ғ.Есім, С.Нұрмұратов, Д.Раев, Г.Мямешова, С.Сапарғалиева, О.Борецкий, А.Хамидов, О.Қабыл секілді ғалымдар зерттеуде. Бұл бағыттар кейде бір-бірін толықтырушы, кейде бір бірін жоққа шығарушы сипатқа ие. Бір анығы әр заман өзінің идеялық біртұтастығын ұсынуда, ұрпақтардың санасына ықпал етуге тырысады.

Г. Гегель мен К. Маркстің ұрпақтар туралы теориялары және қазіргі жағдай

Сонымен, Г. Гегель өзінің «Философиялық ғылымдар логикасы» мен «Рух феноменологиясы» еңбектерінде адамның өмірін, тегі мен ұрпақтық мәні арасындағы өзара қатынастарды өмір үрдісі мәнінде және адамның ойланушы, пайымдаушы, көзқарастық, ерік-жігерлі кезеңдеріндегі рефлексивті тиістілігі ретінде зерттейді. Г.Гегельде ұрпақ, тектік мән адамның өзге болмысты тану арқылы, өз өзіне қайта оралушы өзі үшін болмыс, мән процессінен өтетін бар болушы. Адамның болмысын, құбылыстар дүниесімен бірге, оның соңғылықтың арғы жағында не жасырынғанын, әлдененің себебін білуге ұмтылушы, ойланушы тіршілік иесі ретіндегі мән құрайды. Адамның шынайылығының өзегінде осы құбылыстарды, іс-әрекеттерді салыстыру арқылы көпбейнелікті тұтастықты енгізуге тырысатын, нақты толыққандылыққа ұмтылушы субъект құрайды. Г.Гегель: «Индивидтер туылады, өледі, тек, ұрпақ оларда болушы, яғни барлық индивидтер-де қайта оралушы ретінде бар, ол оған тек ойлану арқылы қол жеткізеді» [3, 117 б.].

Г. Гегельдің бұл ойының өзегін адамның объективті дүниедегі ақиқатты тұтастыққа бірігу арқылы, қоғамдық шынайылықта тануы құрайды. Бұл процесс тарихи сананың циклдік қозғалысында тіршіліктің негізін құрайды және адамның ақиқатты тануы индивидуалды жалғыздығында емес, керісінше адамдардың барлығының сенімі үшін, заттықта ойлау арқылы жүзеге асады. Г.Гегельде бұл екіге жарылу философияның негізгі сұрағы субъектімен объектінің, себеп пен әрекеттің, ойлау мен болмыстың, ішкі мен сыртқының сәйкестігін зерттеу арқылы ақиқатты тану, шынайылықты зерделеу болып табылады. Тиісінше бұл процесс терістеу, сылып алу арқылы мәнділікке айналады. Бұл толыққандық «өзі үшін болмыстың» рефлектіленуімен шынайылықты түзеді, уақыт толассыз қозғалу объектісі. Г.Гегельдің адамы тумысынан метафизик болып табылады.

Г.Гегель ұсынған ойлау, пайымдау, көзқарас, ерік-жігер қабілеттері арқылы зерттеу қағидасын қолданып, қазақстандық қоғамның қазіргі шынайылығын талдап көретін болсақ, көптеген қайшылықты түсініктерге қол жеткіземіз. Соның бірі, біздің мемлекетімізде бар жабық этникалық топтардың титулды ұлтпен тұрмыстық қақтығысы кезінде көрініс берді. Бұл жерде біз еліміздің азаматтарының әлі де қоғамдағы жағдайларды тек пайымдаумен ғана өмір сүретінін байқаймыз. Біз көбінде байқаймыз, пайымдаймызда тиісінше құбылыстарды соңына жеткізу, шешу жолдарын ойлау, көзқарас, ерік-жігер

деңгейінде шешуге ұмтылмаймыз. Біздің іс-әрекеттілігіміз тек бір күндік мүдделер айналасында ғана қалып отыр. Көп дүр көтерілді, жақты, өртеді. Ертеңіне ұмыт қалды. Кінәлілер қамалды, жазаланды. Жарақат ізі, сыздап тұр, бірақ жазылмады.

Бұл шынайылықты түзуші әрекеттің ақиқаттығын, әлде жалғандығын ажырату, өзектілігін айқындау, қайшылықтың себебін анықтау іс-әрекеттілігі соңына жетпей тұр. Дегенмен мемлекет, ол жабық этникалық топтардың мүлкіне келген экономикалық шығындардың залалын өндіріп берді, тұрмыстық тіршілікті орнына келтірді, қазақ тілінде білім беруді күшейтті. Әйтсе де, жабық этникалық топтардың өкілдері жергілікті қоғамға, мемлекет құраушы ұлттың қоғамдық болмысына жақында болса әлеуметтенбей, интеграцияланбай отыр. Бұл бір күндік мүдде деңгейінде шешімдер қабылдау мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндіретін құбылыстар болып табылады. Сыздауық жара, уақыты келгенде қайта бой беруі, әбден мүмкін. Осы бір күндік оймен өмір сүру, пайымдау қауіпті, зиянды әрекеттердің бірі. Г.Гегельде бұл «ұғыммен» «реалдылықтың» қайшылығы ретінде зерттеледі. Біздің қоғам ұғым мен реалдылықтың бірлігі идеалдылық деңгейіне көтеріле алмай отыр. Сонымен бірге біздің мемлекеттік құрылымдардың ең үлкен мәселесі, ол қоғамдық ортада туындаушы әлеуметтік, этникалық әлде саяси фактіні өз уақытында шешуге кіріспейді. Керісінше, бұл қайшылықты еңсерудің орнына, тұтанған дүниені секіріп өту арқылы шешуге, қашықтан бақылау арқылы әрекет жасауға тырысады. Бұл туындаған мәселенің бетін, сылап сыйпау және белгілі бір уақытқа дейін, яғни қайта тұтанғанға дейін ұмыт қалдыру болып саналады. Тиісінше, бұл әрекетсіздік өте қауіпті құбылыстардың орын алуына жол ашады.

Тиісінше өмір ұғым ретінде екі тұтастықтың бірлігімен өзара күресінен, ерекшелелеудегі ерекшеліктермен және индивидуалдылықтың жұтылуынан түзіледі. Г.Гегель тұтастықтың екі түрін ажыратады, оның бірі табиғи, адам болмысын анықтаушы ерекшелелеудің шексіз тұтастығы, екіншісі, дәл сол уақытта өзі үшін бар болушы тұтастық, яғни рефлектіленген тұтастық. Ж.М. Абдильдиннің Г.Гегельдің диалектикасы мен логикасын зерттеу арқылы қалыптастырған ұғымдары, ол адам санасезімінің биік, жоғары мақсаттарды көздеп өмір сүруі және қоғамдық шынайылықты тануға қол жеткізуінің еркіндік және құлдық санасының кезеңдерін бөліп зерттейді. Олар: стоиктік санасезім, скептиктік санасезім, бақытсыз санасезім кезеңдері. Адам қоғамдық орта ақиқатын тану арқылы, болмысын тексеру арқылы азаматтық қоғамға қол жеткізеді деген пікірді синтездейді. Ж.Абдильдин: «Ойлаудың гегельдік теориясында рационалдылық ойлауға тұтас адамзаттың тектік мүмкіндіктерін беруден тұрады. Бұған әрекетте ойлаушы индивидтердің кең ұжымдары қатысады. Бұл индивидтер бір бірін реттейді. Ойлау адамзаттың жалпыға ортақ құралы ретінде ойланушы адамдардың біріккен іс-әрекеттілігі арқылы жүзеге асады, солардың арқасында өмір сүреді», - деген пікірін білдіреді [4, 135 б.].

Ж.Абдильдин Г.Гегельдің жалпыға ортақтық ұғымын талдау арқылы адамдардың индивид ретінде ойлауының екі шартын бөліп көрсетеді. Бірі, индивидтердің әлеуметтік сфераға кірігу арқылы өзінің мүмкіндігі, күштері

негізінде ойлауын білдіреді. Екіншісі, ол кез келген қоғамда ойшыл адамдардың іс-әрекеттілігінің қоғамның шынайы ойлауына сәйкес келуін білдіреді. Бұл ғылыми тезистерден анықтайтынымыз, ол адам болмысының ауыспалы екендігі және қоғамдағы шынайылық негізінде ой түюге бейім болатыны. Мысалы, біздің көпшілігіміз қазіргі уақытта тым, әсіре діншілміз. Діннің заңдарын, ережелерін білмесекте ұрпағымызды сол бағытта тәрбиелеуге, ойын бағыттап, формалауға ұрынамыз. Бұл негізінен қоғамның әлеуметтік ынтымақтастығының қарапайым заңдарға бейімдігін білдіреді және қоғамдық мәдениеттің сапасының төмендігінен хабар береді. Қазіргі ақпараттық қоғамда адам неге үстірт ойланады, неге өзінің алдындағы кәсібі шекарасынан шығып, ой түйе алмайды деген сұрақтар үнемі туындап отырады. Бұл мүмкіндіктегі ойлаудың бір нақты жауабы бар, ол адамдардың интернеттегі ақпаратты қоғамның ақиқаты деп қабылдауы. Бұл ойға басқа қырынан келетін болсақ, ол адамның мінезінің құбылудағы алдамшылығы, яғни адамдар бірі-бірін тәрбиелеуде, жылтыраған жақсыға құмар болуы, сонымен тәуелді өмір сүру. Ғылымда Энгельс енгізген әуелде Перегринус кейіннен Протеус есіміне көшкен мінездегі жалғандық құбылысы бар. Мен бұл хикаяны ғылыми жетекшім түрік философы, профессор Синан Өзбектің дәрістерінен естіп білген едім. Ежелде Протеус деген кісі, шартты бір елдің территориясында өмір сүріп, әуелде әйеліне сатқындық жасап, дауласып жүргенде өшпенділікпен әкесін өлтіріп, жазаланудан қорқып туған елінен қашады. Ол сол қашқаннан қазіргі Палестина жеріне барып, сіңісіп, саф ойлы алғашқы христиандардың сеніміне кіріп, өзінің ізбасарлары бар дін қызметкеріне, шылқыған бай адамға айналады. Қылмыскер Протеустің кіршіксіз таза, әулие Протеус ретінде көрінуі халықтың, адамдардың ойлануындағы кәміл, сенуін, критикалық ойлау қабілетінің әлсіздігін білдіреді. Бұл жағдайды Синан Өзбек өзінің дәрісінде «Örneğin Avrupa’da çalışan inançlı Müslüman işçilerin “İslami” olduğu söylenen firmalar tarafından defalarca dolandırılmış olması böyle bir saflığa bağlanabilir mi? Müslüman işçiler, yıllardır biriktirdikleri ve çok sıkı korudukları paralarını, son kuruşuna kadar Müslüman bir retorikle kapılarını çalan firmalara, aynı saflıkla teslim ediyorlar. Servetlerini kaybettikten sonra da haksızlığını hesabını sormayı Tanrı’ya havale ediyorlar. Müslüman işçiler, inanç birliği üzerinden geçerek dolandırılıyor ve dolandırılmanın hesabını yine inanca sığınarak sormayı bekliyor». [5] Бұл мәтінде Европада жалданып жұмыс істеуші түрік мұсылман жұмысшыларының саф таза ниетімен, ойын сол елдердегі мұсылман діні өкілдерін қорғаушымыз деген фирмалардың өзінің алдауын, ойнауын айтылған. Біздің қазақ қоғамыда соңғы отыз жылда Протеус құбылысын өз басынан өткізуде. Идеологиялық маңызы бар құндылықтардың шарттарын ұғынбай, шынайы ақиқатты ажыратпастан, өзгелерге ықпал жасауға ұмтыламыз. Сыртқы формасында барлығы керемет, үйлесімділігі бар отбасы болуы мүмкін. Дегенмен бұл отбасының ішкі құрылымында дүниетанымдық қайшылықтар орын алуы мүмкін. Біздің қоғамда көптеген адамдардың әліде болса өз өмірін жеке дара ұйымдастыруға, шешім қабылдауға мүмкіндіктерінің шектеулі екендігін байқаймыз. Ж.Абдильдин Г.Гегельдің ойшыл адамдардың қоғамдық шынайылыққа жақын ой түйе алады деп қарастыруы, ол ойлаушы адамның

ұрпағы үшінде, қоғам үшінде пайдалы, нәтижелі субъект болуын білдіреді. Бұл турлы қазақ ойшылы Абай бабамыз отыз сегізінші қара сөзінде «Адаспай тура іздеген хакімдер болмаса, дүние ойран болар еді. Фиғыл пәнденің қазығы – осы жақсы хакімдер, әр нәрсе дүниеде бұлардың истихражы бірлән рауаж табады. Бұлардың ісінің көбі – дүние ісі, ләкин осы хакімдердің жасаған, таратқан істері. Әддүния мээрәгәтул-ахирет дегендей, ахиретке егіндік болатын дүние сол. Әрбір ғалым - хакім емес, әрбір хакім – ғалым», – деп атап көрсеткен [6, 114 б.].

Абай атамыздың осы ойын ұстазымыз Ғарифолла Есім өзінің «Хакім Абай» атты герменевтикалық талдауға түзілген шығармасында: «Ғалымның айтар сөзі нақлия. Ғалым – дүниені білуші, танушы, сол хақында айтушы», -деген ойын білдіреді [7, 370 б.].

Коммунистік жүйенің ыдырауы

Тәуелсіздік жылдарында саяси іс-әрекеттіліктен және адамдардың дүниетанымынан жылжыған саяси тәртіптердің бірі, ол коммунистік жүйенің ыдырауы. Тиісінше бұл тәртіптің посткеңестік кеңістікте өз мәнділігін жоғалтуы орын алды. К.Маркстің тарихи диалектикалық материализмі философия ғылымының бір саласы, ойдың бір бағыты ретінде, ғалымдардың қажеттіліктеріне қарай зерттеле береді. К.Маркстің «Неміс идеологиясы» еңбегінде ұрпақтардың тарихи санасы мен рөлі туралы мынадай көзқарасы бар: «Тарих бұл жекелеген ұрпақтардың, яғни олардың әрбірінің алдыңғы ұрпақтар арқылы берілген материалдарды, капиталды, өндіргіш күштердің қолданатын сабақтасқан ауысуы сияқты, өзге ештеңе де емес; осының негізінде бұл ұрпақ, бір жағынан мүлдем өзгерген шарттарда мұралық, мирастық іс әрекеттілігін жалғастырады, екінші жағынан, мүлдем өзгерген іс әрекеттілік арқылы ескі шарттардың түрін өзгертеді» [8, 20 б.].

К.Маркстің бұл ұрпақтар сабақтастығына қатысты көзқарасын, бейнелеп алғанда, оның қазіргі өмір сүруші ұрпақтардың иығында алдыңғы екі буынның құндылықтары сақталады деген көзқарасыменде көрсетсе болады. Өйткені К.Марксте материалдық ойдың өзгерісімен бірге адамдардағы, қоғамдағы ойда өзгеріске ұшырайды. Бұл ойды К.Маркстің саяси үстемдігі бар таптың ойы қоғамдағы негізгі ойға айналады деген пікірі арқылы анықталады. Бұл пікір ұрпақтар арасындағы идеялар үшін күресті радикалдандырып, саяси алаңға алып шықты. Ал, қазіргі заманғы қазақстандық қоғам бұл марксистік теория бойынша коммунистік жүйе ыдырығаннан кейін өзінің зияткерлігін, өзінің идеологиялық құндылығын қалыптастырып, жаңа үстемдікке ие құндылықтарды ұсыну қажет еді. Бұл үрдіс тәуелсіздік, еркіндік құндылығы ретінде қалыптасты. Дегенмен біздің қоғам халықты топтастыратын ұлттық идеяға әлі де мұқтаж болып отыр. Демек, біздің қоғамда идеологиялықта, тұтастық әлде жекелік позициясынан концептуалды мәселелер бар деген сөз. Өйткені, қазіргі құқықтық қоғамда адамдарды бір идеологиялық құндылыққа біріктіруде, оның азаматтық құқықтарын бұзу, еркіндігін шектеу ретінде бағаланады. Бұл жолдан шығатын жол, ол Сократ ұсынған «әділетті, жақсы, игілікті, ізгілікті және пайдалы» орта

құру және технократтық ойлауды, рационалды ойлауды дамыту болып табылады. Сондықтан, біздің қоғам саяси еркіндікке қол жеткізгенімен, ұрпақтар арасындағы дискурста ескі қоғамның идеологиялық пікірлері, әр кезеңнің зиялылары мен жаңа ұрпақтар арасында құндылықтық қайшылықтар орын алады. Бұл процесс әдеттегі санада, зиялылар арасында да өз жалғасын таба да береді.

Қазіргі уақыттағы өзгерістер тұрғысынан алғанда К.Маркстің адам қоғамдық қатынастардың жиынтығы және мәні, қоғамданған адам, сезімдік іс әрекеттілік субъектісі деген ойлары өзінің өзектілігін жойған жоқ. Ал, сол К.Маркс өмір сүрген уақыттан қоғамдық қатынастарға үңілетін болсақ, шынында да ол заманның адамы капитал иелері тарапынан әбден езілген, жаншылған топ еді. Жұмысшы күші өзі өндірген тауарға иелік жасай алмауы салдарынан жатсынуға тап болуы, оның қоғамнан да, өзінің тарихынан да, тіпті еңбегінен де жатсынуға алып келгені бар. Дегенмен, жұмысшы күшінің зияткерлік-зиялылар секілді күшінің жоқтығы, оның белгілі бір өнердің түрін қалыптастыра алмайтыны ескерілмеді. Жұмысшы күші ол өнерді жасау үшін, оның физикалық уақытының жоқтығы ескерілмеді. Сонымен бірге, жұмысшы өндірген тауарға өзі иелік жасай алмай, тауардың капитал иесінің меншігіне айналуы әділетсіздікті туындатқаны, жұмысшының қанша тауардың түрлерін мен санын көп өндірсе де кедейлене түскені де рас оқиға болып табылады. Дегенмен, коммунистік тәртіпте де тауар мемлекеттің меншігі болып табылады. Бұл жерде біздің кеңестік совхоздардан, өндірістерден анықтаған әлеуметтік мінез құлығымыз, ол адамның тауарға өз меншігінің қалыптаспай, оған ұрлықы көзқараспен қарауын тоқтатпайтындығы еді. Салдарынан Қазақстанның тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында нарықтың қатынаста экономикалық субъектілер, фирмаларды құруда адамдар туыскандық ұстанымға басымдық берді. Өйткені, кәсіпкерде өзге жұмысшы, менеджер менің меншігімдегі тауарларға жанашырлық танытпайды деген ой болды. Дегенмен, уақыт бұл ойдың нарықтық қатынастарда қателігін көрсетті. Сонымен бірге, К.Маркс және оның ізбасарлары Д.Лукач таптық сананы ақиқатты, буржуазиялық сананы жалған сана деп қабылдады. К.Маркс философияны, метафизиканы, дінді идеология ретінде қарастырды. Сонымен бірге К.Марксте жұмысшы табы коммунист әлде коммунист емес деген ұғымға сыймайды. Жұмысшы табының ішінде қоғамның әртүрлі топтарының өкілдері бар және олардың белгілі бір тобын теоретикалық білімі, өзіндік құндылығы бар адамдар құрайды. «К.Маркс: объективті әлемді өндіру барысында адам өзінің тектік жаратылыс екенін алғаш рет дәлелдейді. Бұл өндіріс оның белсенді тектік өмірі болып саналады. Еңбектің объектісі адамның тектік өмірін заттандыру болып табылады: адам өзін ақыл ойы тұрғысынан емес, шынайы әрекеттік тұрғыда қайталайды және өзі жасаған әлемін тамашалайды» [9, 51 б.].

Адамның өз еңбегінен жатсынуы қазіргі фрилансерлік, нарықтық ортада жұмыс жасамауы мүмкін. Себебі, адамдар өздері өндірген тауарларына шағын кәсіпкерлік, биржалық сауда, үйден тауар өндіру секілді салаларда иелік жасайды. Тауарға фетишистік көзқараспен емес, қажеттілік тұрғысынан қатынаста болады. К.Маркстің адамның өз еңбегінен жатсынуы салдарынан адамның өзін қоршаған ортаға теріс көзқараста болуы, түптің түбінде оның рухани болмы-

сына, ата-бабасының мұрасына деген қарсылығының орын алуы мүмкін деген ойлары адамның заттық болмысын күшейтуге алып келді. Салдарынан кеңестік мемлекет тарихынан байқағанымыз, ол сталиндік сұрқия саясаттың атаға қарсы өз ұрпағын айдап салуға, оны жазалаудың құрбанына алып келді. «Павлик Морозов» құбылысының пайда болуы, соның айқын белгісі. Яки, К.Маркс ұғымындағы жатсыну адамның өзі өндірген тауарға иелік жасай алмауы тұрғысынан тыс, адамның өз жаратушысына деген жатсынуына да алып келді. Әйтседе таптық күрес екі жақты қалыптасты. Бірі ескі құндылықтарды адам санасына, өміріне ықпалын шектеу деген стратегиямен қирату. Екіншісі, экономикалық алаңдағы іс әрекеттілігі құрушы болып табылады. Өйткені, К.Маркстің ұғымында қазіргі ұрпақтың иығында алдыңғы екі ұрпақтың жүгі бар. Салдарынан халық санасынан оның тарихы қасақана өшіріліп, адамдар ұлтсыз кеңес азаматы, атеистік қоғамға айналды. Екінші жағынан, Қазақстан қоғамдық қатынастарды өзгерту арқылы жаңа сатыға көтеріліп, өндірістік күштер дамып, білім, ғылым, өнер, адам теңдігі дамыды. К.Маркстің теориясы бойынша сталиндік коммунистік саясаттың адам үшін, қоғам үшін зардаптарын қырғыз жазушысы Ш.Айтматов сол кеңестік қоғамның өзінде жан жақты талдап көрсеткен. Ш.Айтматов ол қоғамдық жүйедегі рухани дағдарыстың көріністерін «Ақ кеме», «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет», «Кассандра таңбасы» шығармаларында анық көрсеткен. Ғарифолла Есім «Шыңғыс Айтматов шығармаларындағы адам дағдарысы» тақырыбында көпшіліктік семинарлар өткізіп, Ш. Айтматов шығармаларындағы ойларды герменевтикалық, онтологиялық және аксиологиялық әдістер арқылы талдау, көпшілікпен талқылау арқылы өткен қоғамның және қазіргі жағдайдағы оқиғалар ақиқатын анықтау болып табылады. Академик Ғарифолла Есім «Кассандра таңбасы» романының пәлсапалық ақиқатын «Адамдардың зұлымдықтың көзі осы деп Р.Боркті өлтіруі актісінен көреді. Яки, адамдар өмір шындығын қабылдауға әлі дайын емес. Олар өздері жасап алған жалған дүниеде жасай бергісі келеді», – деген тұжырым жасайды [10].

Шыңғыс Айтматов осы «Кассандра таңбасы» фантастикалық романында кеңестік қоғамдағы атеизмді кейіпкер Р.Борктің түсіндегі мұхиттың үстінен екі күннің шығуымен, адамның қақпаларды көзі байлаулы күйде ашуы, киттердің өз-өздерін тобымен жағаға атуы арқылы өлтіруі, дүние ақылының жердегі оқиғаларға реакциясы, Сталин мен Лениннің сұхбатындағы үкінің даналық кейпі ретінде Лениннің мұңына көңіл қоюы секілді әрекеттерді ояту арқылы береді. Мұндағы «мұхит үстіндегі екі күн» бейнесі, бұл кеңестік қоғамда адамдардың діни сенімі мен мемлекеттің жүргізген атеистік саясатының арасындағы күресін білдіреді. Бірінде Жаратушы адамның мәңгілік құндылығы ретінде белгіленсе, екіншісі адамның өзі қолдан жасаған Құдайы, идолдары болуы әбден мүмкін. Сондықтан адамдар рухани әдепсіздікке тап болғанда, дүниеге құтқарушылар келген. Ол құтқарушылар Мұса, Иса пайғамбарлар кейпінде ме, әлде пайғамбарымыз Мұхаммед кейпінде ме келеді. Бұл романда да сөз Құдайдан деп берілген. Енді, адамдарда дүниеде, қазіргі кезде Covid-19 пандемиясы салдарынан адамдарды емдеу үшін вакцинациялаудың соңы, оларды гендік құрылысын өзгертіп жіберуі мүмкін деген үрейлер қаптап жүр. Мүмкін, осы вакцинадан кейін

басқарылатын адамдар пайда болар. Шыңғыс Айтматовтың бұл футурологиялық шығармасынан, яғни Кассандра таңбасынан мен осындай бір конспирологиялық, мүдделік әрекеттің орын алғанын болжаймын. Мүмкін, бұл сол 1980 жылдары анықталып, қойған жаңа әлемдік тәртіптің конспирологиялық конструкциясы-ма? Бұны болашақта, уақыт өзі анықтай жатар.

Ш.Айтматов: «Әйелдің маңдайындағы белгі сигнал бұл алғашқы апталарда ананың маңдайында көрінетін таңба, ол Кассандра таңбасы. Табро Кассандра бұл анасының жатырында дүниенің ақырзаманының жақындауын ширығып, үмітсіз күтуші эмбрионалды эсхаттың жан ұшырған үні. Бұл оның өмірге деген жаратылыстық ұмтылысын өлтіретін үн», – дейді [11].

Адам мен қоғамның қатынасындағы мұндай үрдістерді профессор Б.Е.Кулумбаев уақыттағы адамның күресі, оның жан дүниесі мен рухының асқақтауы арқылы түсіндіреді. Атап айтқанда: «Ия, адам уақытпен күреседі. Дегенмен есепті уақыт иллюзиорлы. Сонымен «мәңгі оралуды» адам түрлерінің тұрақты айналымы ретінде меңзеуге болмайды, керісінше мәңгілікке топостан жоғары уақыттағы өзіндік қалықтау ретінде меңзеу керек. Ал бұл жан дүниелік, рухани көтерілуді білдіреді» [12, 237 б.].

Адамның құндылықтарды тасымалдаушы субъект ретіндегі қайшылығы, оның тым әсіре діншілідгенен де, кейде діндарлығынан да көрінеді. Өйткені, жазушының ойынан байқайтынымыз, ол зұлымдықтың субъектін тарапынан жасалуы. Қазіргі кездегі әлеуметтік факт, ол мәдени әртүрлілік негізіндегі бір ұлт бойындағы діни сенім көптүрлілігіне иеміз, екінші жағынан бұл факт құбылыс сипатында біздің орта жастағы азаматтарымыздың Сирия, Ирак, Ауғанстан территорияларындағы соғыстарға қатысуына түрткі болды. Осы діннің негізінде террористік, экстремистік соғыстарға, актілерге қатысушы адамдар жаппай секталық ұйымдардың құрбанына, өзінің діни сауатсыздығы арқылы айналып отыр. Көп жағдайда шынайылықты қате бағамдау басым. М.Фуконың бағамдауы бойынша билік қазіргі заманның өзінде адамға өзінің мақсатына қол жеткізу жолындағы тек дене ретінде, био күш сипатында қарастыруын жалғастырып отыр. Сондықтан М.Фуконың зерттеуіндегі «Қазіргі заманғы адам – өз саясатында өзінің тірі жаратылыс ретіндегі өміріне күмәнмен қарайтын жануар» [13, 117 б.]. Бұл күмән Алланың жаратылысы мен жаратуына қарсы болмауы керек, ол сол адамның білімсіздігін еңсеруге және дүние тек жақсылықтан құралған деген утопиялық, аңғал ойлауды еңсеруге бағытталуы қажет. Өйткені М.Фуко қазіргі өркениеттегі қан құмар қоғамдарды, ұрпақтың санасына үстемдік жасау арқылы, оларды иеленуге бағытталған геноцидтік құбылыстардың орын алатынын зерттейді. Сондықтан, кез келген қоғамда орын алған құбылыс әлде үрдіс әлеуметтік-саяси шынайылықты өзгертуді мақсат тұту арқылы, оның өзегіне айналуға тырысады. Бұл ұлттың әлде халықтың дүниетанымына, болмысына оның өзегі арқылы әсер теуге ұмтылатын құндылықтар әлде жегі құртқа айналуы, әлде алтын өзекке айналуы мүмкін. Осындай көпбейнелікті ойлауды қалыптастыруға ұмтылған қоғамдардағы өзгерістер ұрпақтың санасына, оның уақытты бағалауына оң әлде теріс ықпал жасайды. Ілгеріде айтқанымыздай, ол құндылық сезімдік, пайымдаушы, даналық пен имандылық үлгісі ретінде өз-өзін

тануына ықпал жасайтын құндылық болса, онда оны көп жағдайда құп аламыз. Дегенмен, бұл жердегі негізгі мәселе, ол сол адамның өзінде және табиғатында, яғни ол құндылықты болмыстың бір түрі ретінде орнықтыру арқылы қоғамдық ортаға өз мүдделерін алып шығуы болып табылады. Бұл жағдайда оның мүддесі, екінші бір негізінде өзіндік құндылығы бар мүддемен қақтығысуы әбден мүмкін. Бұл жағдайды біз әлемнің географиялық саяси картасынан, елдердегі қақтығыстардың табиғатына үңілуден байқаймыз. Сондықтан, болмыс қоғамдық ортада өзгерістерге ұшырайды.

Қорытынды

Мақаланың тақырыбын зерттеу барысында философия ғылымының теорияларын салыстыра зерттеу арқылы бірқатар тұжырымдар жасалды. Біріншіден, ұрпақтың діни адасуын тоқтату қажет, ол үшін мемлекет өз дінін басшылыққа алуы тиіс. Діни сенім құқықтық аспектіде наным еркіндігі болып табылады. Тиісінше, азаматтардың діни еркіндігін шектеу өз кезегінде құқықтық жауапкершілікке алып келеді. Дегенмен дін, тарих, сенім идеологиялық құндылық болуы себепті, ол адамның болмысын қалыптастыру арқылы қоғамдық қатынаста шынайылықты іс-әрекеттілікке қол жеткізуге ұмтылады. Бұл өз кезегінде болмыстың әлеуметтік ортада өзгеруіне түрткі болады. Сондықтан, мемлекет бұл саланы қадағалауды жалғастыруы қажет және мемлекет дінін құруы тиіс. Мемлекет діні концепциясы профессор Хур Синан Өзбектің «Мемлекет діні» еңбегінде қарастырылған. Бұл жердегі негізгі тұжырым, ол «Дін мемлекет идеологиясы болу арқылы қызмет мағынасына және мемлекет күшін қолданушы сапаға ие болады» [14, 15 б.]. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында құндылықтық вакуум қалыптасып, ол түрлі формалардағы заңсыздықтардың орын алуына, адамдардың адамдар арқылы өзіне қолайлы кеңістікті иеленуіне алып келіп отыр. Бұған түрткі Протеус құбылысы, ұрпақтардың санасына алдыңғы ұрпақтардың идея, дін, капитал арқылы қысым жасауы орын алып отыр. Діни оналту орталықтарды арттыру қажет.

Екіншіден, жастардың саяси қатысуын еркіндік ұғымы арқылы қамтамасыз ету қажет. Ертеңгі ұрпақтың қамын ойлауымыз, олардың үлесін экономикада, өндірісте, технологияда қалдыруымыз және қолайлы шарттарды жасауымыз қажет. Бұл үшін өндірістік қатынастарды, заттануды құруда адамның өміріне дінсіздік, руханилыққа қарсы идеологиясының араласуын шектеу арқылы жүзеге асыруымыз керек. Дегенмен идеологиялар радикалды құбылысқа ие деген ойды шектеуіміз қажет. Адамдар саяси идеологиялар арқылы өз еркіндігін жүзеге асырады, шынайылықты бағалайды. Ұрпақтың уақытын қоғамдық өмірдегі белсенділік құрайды. Сократ заманынан келе жатқан дельфилік ереженің мәні де осы өз өзінді таны және өз өзіне қамқор бол. Өз өзіне қамқорлық бұл өзінің тәнін сүюді білдірмейді, керісінше өз жан дүниенді тануға әкеледі. Сократтың Аликивиадпен сұхбатында (134 е): «Өзінің қасиетін білмейтін адам, тиісінше, басқа адамдардың да қасиетін біле алмайды. Сонымен бірге ақылды, өз-өзіне қамқор, бақытты бола алмайды. Сондықтан, бай адам бақытсыздықтан қаша ал-

майды; оны тек ойлаушы адам ғана айналып өте алады. Мемлекетте өз адамдарына ізгілікті қасиеттерді орнықтыруы қажет», - деген пікірін білдіреді [15, 219 б.]. Ұрпақ уақыты әрі әлеуметтік саяси қатынастар арқылы, әрі адам болмысының бір толғанысы, мұңы ретінде қарастырылады. Сондықтан, бір жағынан мемлекеттік идеология, екінші жағынан халықтың өзі «бір күндік мүддеге» түзілген әрекеттерді біртіндеп мемлекет құраушы ұлттың жауапкершілігіне байлауы қажет. Сонда ғана ұрпақ культуралық контексте өзінің мақсатын түсініп, іс әрекеттілігін дұрыс ұйымдастырады. Бұл мұң адам болмысы деңгейінде де, ұйымдық формада да мемлекеттілікке салмақ түсіріп тұр.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Раев Д. Әл-Фараби іліміндегі антропологиялық этикасофия // Әл-Фараби әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер журналы. № 1 (73). – Алматы, 2021. – 148 б.
- 2 Nugin R. Social time as the basis of generational consciousness // Journal Trames. 14 (64/59), 4, 2010. p 356-366.
- 3 Гегель Г. Энциклопедия философских наук. Том -1. Наука логики. Ответственный редактор Е.П.Ситковский. -Москва: Издательство социально-экономической литературы Мысль, 1975. - 451с.
- 4 Абдильдин Ж, Абдильдина Р. Философия и логика Гегеля. – Астана: ТОО Сөздік-Словарь, 2011. -191с.
- 5 Üzbek S. Metafiziksiz felsefe ve metafiziğe karşı felsefe dersleri. –Turkya: Kocaeli universitesi. Izmit, 2021. kocaeli.zoom.us/j/99690107976 (қаралған күні 18.08.2021).
- 6 Абай. Қара сөз. – Алматы, 2020. – 192б.
- 7 Есім Ф. Хакім Абай. – Астана: Фолиант, 2012. – 400б.
- 8 Маркс К. Избранные произведения в трех томах. Том-1. Фейербах. Противоположность материалистического и идеалистического воззрения. – Москва: Издательство политической литературы, 1970. – 639 с.
- 9 Ривкин Д. Әдебиет теориясы. Антология. 3-ші том. К.Маркс. Неміс идеологиясы. – Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2019. – 439 б.
- 10 Есім Ф. Ш. Айтматов шығармаларындағы адам дағдарысы. ЕҰУ, «Философия» кафедрасының ашық онлайн ғылыми семинары. – Нұр-Сұлтан, 2021. ZOOM ID: 8440048065.
- 11 Айтматов Ш. Тавро Кассандры. Электронды ресурс. http://loveread.ec/read_book.php?id=28269&p (қаралған күні 09.08.2021).
- 12 Колумбаев Б. Хроно-топос человека. Монография. – Караганда: Издательство НАО «Карагандинский университет имени Е.Букетова», 2021. – 457с.
- 13 Üzbek Hür Sinan. Devlet dını. – Ankara: Folkitap, 2020. – 135 s.
- 14 Платон. Диалоги. Философское наследие. Том 98. Составитель и редактор издания А.Ф.Лосев. – Москва: Издательство Мысль, 1986. – 605 с.

Transliteration

- 1 Raiev D. Al-Farabi ilimindegi antropologialyq etikosofia [Anthropological Ethics in the Teachings of Al Farabi] // Al-Farabi aleumettik-gumanitarlyq jurnaly. № 1 (73). – Алматы, 2021. – 148 б.
- 2 Nugin R. Social time as the basis of generational consciousness // Journal Trames. 14 (64/59), 4, 2010. 356-366 б.

3 Gegel G. Ensyklopedia filosofskih nauk [Encyclopedia of Philosophical Sciences]. Tom-1. Nauka logiki. Otvetstvenii redactor E.P. Sytkovski. – Moskva: Izdatelstvo sotsialno-ekonomicheskoi literatury Misl, 1975. – 451 s.

4 Abdildin Zh, Abdildina R. Filosofiya i logika Gegelia [Hegel's Philosophy and Logic]. – Astana: TOO Sozdik-Slovar, 2011. – 191 s.

5 Üzbek S. Metafiziksiz felsefe ve metafiziğe karşı felsefe dersleri. – Turkyia: Kocaeli universitesi. Izmit, 2021. kocaeli.zoom.us/j/99690107976 (қаралған күні 18.08.2021).

6 Abay. Kara söz [Black Word]. – Almaty, 2020. – 192 b.

7 Yesim G. Khakim Abai. – Astana: Folian, 2012. – 400 b.

8 Marks K. Izvranie prouizbodenia v treh tomah [Selected Works in Three Volumes]. Tom-1. Feierbah. Protibopolojnost materialistycheskogo i idialisticheskogo voozrenia. – Moskva: Izdatelstvo politycheskoi literatury, 1970. – 639 s.

9 Rivkin D Adebiet teoriasy. Antologiya [Literary Theory. Anthology]. Tom-3. K. Marks. Nemis idelologiasy. – Astana: Ültyq audarma byurosy, 2019. – 439 b.

10 Yesim G. Ş. Aıtmatov şygarmalaryndagy adam dagdarysy [Sh. The Human Crisis in Aıtmatov's Works]. EÜU. Filosofiya kafedrasynyn aşyq onlain ğylymı seminary. - Nür-Sültan, 2021. ZOOM ID: 8440048065.

11 Aytmatov Ç. Tabro Kassandry. Elektron dy resurs. http://loveread.ec/read_book.php?id=28269&p (қаралған күні 09.08.2021).

12 Kolumbayev B. Khrono-topos şeloveka [Chrono-Topos of Man]. Monografıa. – Karaganda: Izdatelstvo NAO «Karagandinski universitet imeni E. Buketov», 2021. – 457s.

13 Üzbek S. Devlet dını. – Ankara: Folkıtap, 2020. – 135 s.

14 Platon. Dialogı. Filosofskoie nasledie [Dialogues. Philosophical Heritage]. Tom 98. Sostavitel i redactor A.F. Losev. – Moskva: Izdatelstvo Misl, 1986. – 605 s.

Тумашбай Т.Е.

Время поколения и независимость

Аннотация. В данной статье рассмотрены ценностные изменения времени поколений за годы независимости Республики Казахстан. В частности, было рассмотрено, что в первые годы независимости в казахском обществе, вследствие сформированного ценностного вакуума, в поведении людей произошла дезориентация в духовной и материальной сферах, возник вопрос духовной непристойности. В то же время было зафиксировано влияние атеистического общества на мировоззрение человека, фактор полирелигиозности одной нации, неспособность казахского народа, живя однодневными интересами, занять культурное пространство как государствообразующей нации. Было показано, что время поколений связано с политической свободой граждан и что эта свобода является гарантией безопасности государства. В статье представлены взгляды Г. Гегеля, К. Маркса, М. Фуко, Ж. Абдильдина, Г. Есима, Б. Колумбаева, Синана Узбека, Ш. Айтматова.

Ключевые слова: время поколения, многорелигиозность одной нации, дезориентация в духовных ценностях, отчуждение, бытие-для-себя, футурология, сомнения.

Tumashbai T.

Generation Time and Independence

Abstract. This article discusses the value changes in the time of generations over the years of Kazakhstan's independence. It is the considered fact that in the first years of independence, Kazakh society, as a result of the creation of a value vacuum in people's behaviour, was

disoriented in the spiritual and material spheres. The issue of spiritual obscenity is also discussed. At the same time, the influence of an atheistic society on a person's worldview, the factor of polyreligiosity of one nation, the inability of the Kazakh people to occupy the cultural space as a state forming nation, living with one-day interests, is recorded. It is shown that the time of generations is associated with the political freedom of citizens and that this freedom is a guarantee of the security of the state. The article presents the views of such philosophers as Hegel, Marx, Foucault, Zh.Abdildin, G.Yessim, B.Kolbayev, Sinan Uzbek, Sh.Aitmatov. In the novel of Sh. Aitmatov "Cassandra's Brand" in the study of universal values were given thoughts such as evil in non-religious society, struggle against it, conscience, and shame.

Key words: time of generations, multi-religiosity of one nation, disorientation in spiritual values, alienation, being for oneself, futurology, doubts.